

Қосымша жүктеме қосқан кезде электр энергетикасы объектілерін кеңейту мен қайта жаңғыртуға кеткен қосымша шығыстарды өтеудің тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қараша N 1459. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.08. N 1044 қаулысымен.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2724 Заң күші бар Жарлығының 6-бабының 3-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымша жүктеме қосқан кезде электр энергетикасы объектілерін кеңейту мен қайта жаңартуға кеткен қосымша шығыстарды өтеудің тәртібі мен шарттары туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі үш ай мерзім ішінде Қосымша жүктеме қосқан кезде энергия көздерін кеңейту мен қайта жаңартуды, энергия тасымалдау желілері мен жалпы пайдаланыстағы көмекші станцияларды салуды қаржыландыру үшін энергия тұтынушылардың электрмен жабдықтаушы ұйымның қосымша шығыстарын өтеуін есептеу әдістемесін әзірлеп, оны белгіленген тәртіппен тіркесін.

3. Қазақстан Республикасының аумағында КСРО Энергетика және электрлендіру министрлігі 1990 жылғы 13 қыркүйекте бекіткен Кәсіпорындар мен аймақтардың қаражатын энергетикалық объектілерді салуға тарту туралы уақытша әдістемелік ұсынымдардың күші жойылсын.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарының 1992 жылғы 30 шілдедегі N 6-13 өкімінің 4-тармағының күші жойылған деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 30 қарашадағы

N 1459 қаулысымен

бекітілген

Қосымша жүктеме қосқан кезде электр энергетикасы объектілерін кеңейту мен қайта жаңартуға кеткен қосымша шығыстарды өтеудің тәртібі мен шарттары Туралы

Осы Ереже "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2724 Заң күші бар Жарлығының 6-бабына сәйкес әзірленді.

1. Электр энергетикасы объектілерін кеңейту мен қайта жаңартуға кететін қосымша шығыстарды қаржыландырудың тәртібі мен шарттары

1. Жүктемелердің табиғи өсуін жабуға кететін шығыстар энергиямен жабдықтайтын ұйымдардың жеке кірістерінің (тарифтердің) есебінен жүзеге асырылады.

2. Тараптардың келісуі бойынша қосымша жекеленген жүктеме қосылған кезде энергия сатып алушы энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергетикасы объектілерін кеңейту мен қайта жаңартуға кететін шығыстарын энергия берушінің жарғылық қорынан (акциялар пакетінен) үлес ала отырып қамтамасыз етуі мүмкін.

3. Бұл жағдайда қосымша қосылатын қуат үшін энергия тұтынушылар төлемдерінің мөлшері қосымша жүктеме қосқан кезде энергия көздерін кеңейту мен қайта жаңғыртуды, жылу және электр желілері мен жалпы пайдаланыстағы көмекші станцияларды салуды қаржыландыру үшін энергия тұтынушылардың электрмен жабдықтаушы ұйымның қосымша шығыстарын өтеуін есептеу әдістемесіне сәйкес жобаға дейінгі және жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлегенде белгіленеді.

4. Қосылатын қуат үшін төлем мөлшерін есептеуге жаңа жүктемелерді қосу тәртібін анықтайтын, энергиямен жабдықтаушы ұйым берген алдын ала техникалық шарттар негіз болып табылады.

5. Жүктемені қосуға арналған техникалық шарттарды екі тарап қосылатын қуат үшін төлемді тұтынушының аудару көлемдері мен мерзімдерін белгілейтін келісімді ресімдегеннен кейін энергиямен жабдықтаушы ұйым береді.

2. Қосылатын қуат үшін төлем қаражатын пайдалану

6. Энергиямен жабдықтаушы ұйым түскен қаражатты техникалық шарттар мен оларға арналған келісімде айтылған нақты объектіні қаржыландыруға (қаржыландыруға пайдаланылған несие сомаларын өтеуге) жұмсайды.

7. Қосылған қуат үшін төлем қаражатын мақсатсыз пайдалануға тыйым

с а л ы н а д ы .

8. Қосылған қуат үшін төлем қаражатының пайдаланылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемәнергияқадағалаукомына жүктелсін.

3. Тараптардың пікір алшақтықтары

9. Берілген техникалық шарттар, қосылатын қуат үшін төлем жасау көлемдері мен мерзімдері мәселелері бойынша тараптардың пікір алшақтықтарын Қазақстан Республикасының Мемәнергияқадағалаукомы бір ай мерзімде қарайды .

10. Қазақстан Республикасының Мемәнергияқадағалаукомының шешімін келіспеген жағдайда тараптар бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК